

## Зеректік

Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шығып:

– Беймезгіл жүрген түйе көздеріңе түспеді ме? – деп сұрады.

Жолаушының біреуі:

– Түйеңнің оң көзі соқыр ма еді? – дейді.

Жоқшы:

– Иә, – деп басын изейді.

Екінші жолаушы:

– Түйеңнің сол жақ артқы аяғы ақсақ па еді? – деп сұрайды.

– Дұрыс! Сол жақ артқы аяғының сылтығы бар еді, – дейді.

Сонан соң, үшінші жолаушы:

– Түйеңнің құйрығы шолақ па еді? – деп сұрайды.

Жоқшы:

– Иә, құйрығы шолақ, – деп асығып жауап береді де, – ол түйені қайда көрдіңіздер? – деп сұрай бастайды.

Жолаушылар:

– Көргеніміз жоқ, – дейді.

– Көрмесеніздер, түйемнің белгісін қайдан білдіңдер? Түйемді сендер ұрладыңдар! – деп, жоқшы жабыса кетеді.

Жолаушылар:

– Ау, жаным, денің сау ма? Түйеңді ұрламақ түгіл көргеніміз де жоқ, – дейді.

Жоқшы бұл жауапқа қанағаттанбайды. Төртеуі бір биге келіп, жүгінеді. Би сұрастыра келе:

– Ұрламасандар, көрмесендер, ол түйенің бейне-белгісін, көрген кісідей анықтап, байқап, қайдан білдіңдер? – дейді.

Жолаушылар:

– Біз ұры емеспіз, мал баққан, малмен көзімізді ашқан шаруаның балаларымыз, сондықтан білдік. Біз тоғышар емеспіз, – деп жауап береді.

## Bölcsesség

Egyszer ment mendegélt három vándor, amikor felbukkant velük szemben egy ember:

– Nem láttatok egy gazdátlan tevét? – kérdezte tőlük.

Mire az egyik vándor:

– A tevéd jobb szemére vak volt? – kérdezte.

A kereső:

– Igen – bólintott.

A második vándor megkérdezte:

– A tevéd a bal hátsó lábára sántított?

– Így van! A bal hátsó lábára sántított.

Azután a harmadik vándor megkérdezte:

– A tevéd farka rövid volt?

Mire a kereső:

– Igen, a farka rövid – vágta rá sietve, majd rákérdezett: – Hol láttátok a tevét?

– Nem láttuk – hangzott a vándorok válasza.

– Ha nem láttátok, honnan tudjátok a tulajdonságait? Ti loptátok el a tevémet! – erősködött a kereső.

Így a vándorok:

– Ó, neked elment az eszed? A tevédet nem csak hogy nem loptuk el, de nem is láttuk – mondták.

A kereső nem elégedett meg ezzel a válasszal. Mind a négyen a bíróhoz mentek az igazukért. A bíró kérdezősködni kezdett:

– Ha nem loptátok el a tevét, és nem is láttátok, honnan tudjátok ennyire jól az ismertető jegyeit?

– Nem vagyunk tolvajok, egy pásztor fiai vagyunk, állatokkal együtt nőttünk fel, ezért tudjuk. Nem vagyunk mohók – felelték a vándorok.


– Honnan tudtátok? – kérdezte ismét a bíró.

A vándorok így válaszoltak:

– Қалай білдіңдер? – деп би қайта сұрайды.

Жолаушылар:

– «Түйенің оң көзі соқыр ма еді?» – дегеніміз: түйе бара жатып, ылғи жолдың сол жағындағы шөпті жепті, оң жақтағы шөпті жемепті. Аяғының ақсағын білгеніміз: тұрған жерінде, түйе артқы сол аяғын көтеріп тұрыпты. Түйенің құйрығы шолақ екенін білгеніміз: құмалақ тастағанда, алысқа жіберіпті. Шолақ түйенің құмалағы алысқа түседі, құйрықты түйе құмалағын алысқа тастай алмайды, – депті.



– Azért kérdeztük, hogy a teve a jobb szemére vak volt-e, mert közben ment, csak az út bal oldalán levő fűvet legelte, a jobb oldali fűből nem evett. Azt, hogy sánta volt, onnan tudtuk, hogy azon a helyen ahol állt, a teve a bal hátsó lábát mintha felemelve tartotta volna. Azt pedig, hogy a teve farka rövid, onnan tudtuk, hogy amikor bogyózott, akkor a tevebogyó messzire repült. A rövid farkú tevének a bogyója messzire repül, a hosszú farkú teve nem tudja messzire dobni.

